

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 05 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 ақпанда № 4563 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 шілдедегі № 193 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 30.07.2019 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабы 6) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 31-бабы 1) тармақшасына, "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 бұйрығымен бекітілген мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санынан мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Солтүстік Қазақстан облысы филиалына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Жамбыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Жамбыл ауданының әкімі*

*И. Турков*

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл  
ауданы әкімдігінің 2018 жылдың 18  
қаңтарындағы № 05 қаулысына қосымша

## **Мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленген ұйымдардың тізімі**

№	Ұйымдардың атаулары	Жұмыс орындарының саны	Квотаның пайызы	Белгіленген квотаға сәйкес жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Атамекен Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140	3%	4
2	"Шатило и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2%	1
3	"Евротрейд Қазақстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2%	1
4	"Солтүстік жер" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2%	1
5	Солтүстік Қазақстан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Пресновка әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	130	3%	3